	Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **Мүсіндеу** Мақсаты:ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау **Жапсыру** Мақсаты:Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды да-мыту **Құрастыру** Мақсаты:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау	қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу **Мүсіндеу** Мақсаты:Ермексаз әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін мүсіндеу **Жапсыру** Мақсаты:Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру **Құрастыру** Мақсаты:Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру	толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. **(Мүсіндеу)** Мақсаты:Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. **(Жапсыру)** Мақсаты:Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру **(Құрастыру)**
Балалармен жеке жұмыс	***Мұрат Айтөре*** **Көркем сөз жаттау** "Қар". Жауды міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркеп белдердің. Жастық етіп тауды асқақ Жаңтайыпты жамбастап. Жаңтайыпты жамбастап.(Тіліген Шопаев)**(көркем әдебиет)**	***Әділбек Аделя*** **«Суреттерді орналастыр».** Ойынның мақсат-міндеттері: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады. **(танымдық дағдылар)**	***Нурлан Алинур*** **«Үй құрылысының ретін көрсет».** Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны қарай әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің .. Мазмұны: балаларға үйдің суретінің .н көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.		
Серуен	Терең қар жамылғысының тереңдігін бақылау.	Қысқы мерзімде күннің көзін бақылауды жалғастыру.	Бақылау: Суық торғайды бақылау.

	Балалардың көңілін бөлімшенің қай жерлерінде қалың қар жатқанына бөлу. Балаларға қаншалықты терең екенін білуін ұсыну. Ұзындығының шартты өлшемімен адамдар метрді орнатқанын түсіндіру. Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар жамылғысының тереңдігін өлшеу; қалың қарды күрекпен кесу, қардың қалыңдығымен бөлігіне көңіл бөлу. Жұмбақ. Бір нәрсе өліп жатыр, жетіп ажал, Малының қисабы жоқ безбенге сал. Сүйегі көктеде емес жерде де емес Жігіттер көңіл қойып ойлаңыздар. (жауған қар). Қозғалыстағы ойын: «Аяз-Қызыл мұрын» Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіруді нығайту, ойын тәртібін сақтау (қолың тиген жерде- қатырып тастаған жерде тоқтайды). Ойында достықты және өзара көмекті көрсету. Еңбек қызметі Гүлзарда қар тоқтатуды орнату. Қар тоқтату жөніндегі пікірді ұлғайту(қарды тоқтатады, жел соққанда), оларды орнатуда тәрбиешіге көмектесу. Д ид. ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер Ашық орынға қарағанда, неліктен шарбақтар мен қуыстарда қар қалың болатынын балаларға ойлануды ұсыну. Қорытынды. Бұл орындарда желмен ұшып кетпей, тұрып қалады. Өз бетінше іс-әрекеті Қазіргі ойындарда өз құрдастарымен 2-3 рөлді ұстайтын, ойында бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын әрекетін орындау, жалпы ойын барысына сәйкес әрекет ету.	Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Қыстың аяғында күннің нұры жылулық шашады, күннің көзі жоғары,күн ұзарады. Қадағалауды, әуесқойлықты, көңіл бөлуді дамыту; жансыз табиғат құбылысы жөніндегі білімін нығайту. Таңертең,күндіз және кеш бейімделуі бойынша күннің көзі жолдарын ажырата білу. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек. Жұмбақ. Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды. (күннің көзі) «Хоккеистер» Қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру. Еңбек қызметі Қар тоқтатуға дайындық. Жөндеу Тәрбиешімен балалардың бірігіп еңбектенуіне тәрбиелеу. Еңбек мазмұнын ұлғайту, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер «Күннің тұрған жағдайы және биіктігі анықталды» Нақты өлшем көмегі кезінде балаларды күннің тұрған жағдайын өлшеуге үйрету. Өз бетіше іс-әрекеті Тұрақты балалар бірлестігін нығайтуға талаптандыру. Дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу.	Мақсаты: Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғай дың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету. Еңбек: Қар күреу. Мақсаты: Қардың жерге қалың түскенін айтып, қарды күрекпен күреу арқылы жол жасап, күректі калай ұстау керектігін үйрету. Жеке жұмыс: Торғай,торғай,тоқылдақ Жерден дәнді шұқып -ап Бөтекесі бұлтиып, Шиқ-шиқ етіп отырмақ. Мақсаты:Балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып,сөздік қорларын дамыту. Ойын: «Жақсы жаман». Мақсаты:Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге,жаман нәрселерден аулақ болуға, жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу
Балалардың үйге қайтуы	Жеке бас гигиенасы туралы	Балалардың балабақшадағы жетістіктері туралы ата-аналармен әңгімелесу	Ата – аналармен сұхбат: «жыл мезгіліне сай киіндіру»

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **«ЖШС «Ғасыр-МБК» «Өркен» бөбекжай-балабақшасы**

Топ:**«Ақбұлақ» ересек тобы**

Балалардың жасы- **4 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: **05.01-09.01.2026 жыл**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлық қабілеттерін қалыптастыру. **(Адал азамат)** «Қыс» Н.Аманжолова Мақсаты:Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар айтқызу. (**Тіл дамыту**) Д/О «Әндер әлемі» Мақсаты:Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. (**музыка**)	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(Адал азамат)** Д/О:Алғашқы көмек (әңгіме) Ж. Бұғыбаев Мақсаты:Балалардың түрлі әрекеттерінде әңгімелерді тыңдауға, кітапқа қызығушылыққа баулу. (**Тіл дамыту**) Д/О «Би әлемі» Мақсаты: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. (**музыка**)		Қонаққа келген қояннның ойыншығымен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(Адал азамат)** Д/О: «Ойлан тап?» Мақсаты:шығармалардың қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (**Тіл дамыту**) Д/О: «Қызықты әуен» Мақсаты:Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңда-май соңына дейін тыңдау). (**музыка**)	Достар әнімен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(Адал азамат)** Д/О: «Ертегілер әлемінде» Мақсаты:ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.(**Тіл дамыту**) Д/О: «Қызықты әуен» Мақсаты:Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). (**музыка**)
	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Қимылды ойын: «Қар атыспақ» ойыны** **Мақсаты:** Қимыл - қозғалыс белсенділігін дамыту. Жылдамдық, ептілік, төзімділікті шыңдау, көңіл – күй, қуаныш әсерін сыйлау. **Ойынға қажетті құралдар:** Мақтадан жасалған қар түйіршіктері. **Ойын шарты:** Балалар бір-біріне қар атысып ойнайды. **(Қауіпсіздік дағды)** Д/О «Жиын» Мақсаты:Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. (**Математика негіздері**) Д/О «Өзім туралы» Мақсаты:Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу (**қоршаған әлеммен таныстыру**	**Д/О: "Көктайғақ"** **Тапсырмалар**: - қыс мезгілінде - көктайғақта қауіпсіздік ережелерін бекіту; - суреттерден қауіпті жағдайды анықтауға, оны сипаттауға және ережелерді білуге үйрету, жарақат алмау және өліп қалмау үшін оны сақтау керек. **(Қауіпсіздік дағды)** Д/О «Жұбын тап» Мақсаты:заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу (**Математика негіздері**) Д/О «Отбасылық дәстүрлер» Мақсаты:кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. (**қоршаған әлеммен таныстыру**)		**Тақырыбы:«Неше? Қандай?»** **Мақсаты:** біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, « неше?» сұрағына жауап беру. Екі затты өлшемі бойынша (биік-аласа,) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша ұзындығы жалпы шамасы бойынша сөздерімен белгілеу. **(математика негіздері)** **Тақырыбы:Отбасылық қарым қатынас** **Мақсаты:** Балаларды өзінің отбасы, отбасылық қарым қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Д/О «Кеңістік бағыты»** Мақсаты:геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу (**Математика негіздері**) Д/О «Жол қозғалысы ережелері» Мақсаты:Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. (**қоршаған әлеммен таныстыру**) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.
Таңертенгі жаттығу	**1. Таңертенгі жаттығу затсыз** 2. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. 3. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). 4. Оңға, солға еңкею, шалқаю. 5. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. 6. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. **7.** Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. **8.** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. 9. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.			

Таңғы ас	Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	Д/О «Өзәм туралы» Мақсаты:Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. (**қазақ тілі**)	Д/О «Туыстармен табиғатта» Мақсаты:Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. (**қазақ тілі**)		Д/О «Отбасылық қарым қатынас» Мақсаты:Бұрыннан таныс шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға баулу (**қазақ тілі**)	Д/О «Жол қозғалысы ережелері» Мақсаты:Қазақ тіліне тән үдыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. (**қазақ тілі**)
ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Музыка** "Құстар әні". Мақсат-міндеттер: балаларды құстар туралы әндерді тыңдап және айтуда әндердің сипатын ажырата білуге үйрету; құстар туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру.	**Дене тәрбиесі** "Құстардай қайраттымыз". Мақсат-міндеттер: ұйымдастырылған іс-әрекетінде бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, құстардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету. **Қазақ тілі** "Қыстайтын құстар. Көп, аз, тең." Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту, адам құстарға қалай қамқорлық жасай алатынын түсіндіру, құстардың дыбыстарын білдіретін сөздердің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түбірлес сөздер туралы білімдерін мысал келтіру арқылы қалыптастыру (қыс - қыстау - қыстайтын); заттардың санын анықтайтын «артық» ,«кем», «тең» түсініктерін бекіту. Балаларға қыстайтын құстарды ажыратып, дұрыс атауға үйрету, құстардың дыбыстауын айқындайтын (шіп-шіп, шыр-шыр,		**Музыка** "Аңдар туралы не білеміз?" Мақсат-міндеттер: балаларды қасқыр туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.	**Дене тәрбиесі** "Аңдар туралы ойындар". Мақсат-міндеттер: балаларды екеуден аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүру; гимнастикалық орындықта қолдарымен тартылу арқылы ішімен еңбектеуге үйрету.

		шырылдайды) сөздері арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту; заттар тобының санын анықтау ұғымдарын білдіретін «артық» ,«кем», «тең» сөздерін дыбыстауға жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қатынастық дағдыларын дамыту.			
2- таңғы ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.				
	Тайғанақты бақылау. Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Тез жылынғанда аяз соғады, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында құрылатын. Тайғанақпен қалай күресуді айту. Тайғанақ кезінде өзін дұрыс ұстай білуді үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылауда ынтасын дамыту. Қозғалыстағы ойын «Ұзын жол бойынша» Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауды үйрету. Жарыстарға қатысуға тәрбиелеу.	Ағаштардағы қырауларды бақылау. Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Қар еріген кезде, күрт суық түскен және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқаны туралы балалардың назарын аудару, ағаштарға, орындықтарға және басқа заттарға. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауасы салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатады және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көру, қысқы қардың сұлулығына тануға балаларды үйрету. Ырымдар.		Шыршаны бақылау. Мақсаты: Қылқанжапырақты ағаштарды еске түсіру. -Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу. Бақылау барысы: Шырша ағаштарының бұтағы бүкіл бойға , жоғарыдан төменге салпылдап өседі; түбірі – қара; қылқан – бір – бірден өседі; жаңғақ-көп өмірсүргіш, дөңгелекше тәрізді. Жаңғақтың тұқымы бар. Білімдерін анықтау, қарағай мен шырша – үнемі жасыл түсті, қыста да сол түсін сақтайды. Шырша мен қарағай- қылқанжапырақты ағаш. Ағаштардың ерекшелігі мен белгілерін және ұқсастықтарын айыра білу,салыстырған сөздерін нақты жеткізу. Көркем сөз Күн мұңайып тұр бүгін,	Мезгілдік ауысымды – қырауларды бақылау. Мақсаты: -балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. -Қырау түскен ағаштарды бақылау. Бақылау барысы: Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Жұмбақ: Қанат сияқты ақ,

	Еңбек қызметі Жолға құмды төгу Жолға құмды төгуде еңбектің мәнділігін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесінен қанағаттанушылық сезімін қалыптастыру. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер «Өлі табиғаттың қысқы құбылыстарын ата» Табиғаттың қысқы құбылыстары туралы балалар білімдерін анықтау. Тапсырма. Түрлі-түсті мұздықшаларды қарау. Мұз сипаты туралы балалардың түсініктерін бекіту (аязда су мұзға айналады, мұз қатты, тайғақ,мөлдір, нәзік). Өздігінен қызмет. Ойын кезінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын жетілдіру, құрбыларының қылықтарына өз көзқарастарын білдіру, өз іс-қимылдарымен амалдарын негіздеу.	Желтоқсанда қырау мол болады, қар көп түседі, суықтар күшейеді - мол егін орылады. Ағаштарға қырау тұрса аспан көк болады.Түнде қырау болса- күндіз қар жаумайды. Қим. ойындары. «Бірінші бол» Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. Еңбек қызметі Жолға су төгу үшін қарды нығыздату. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбылар әрекеттерімен келістіруге үйрету. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер Тапсырма. Күн шыққан кезде ағаштардың қырау жамылғанын көру. Күннің көзінде қырау жылтырайды. «Қырау» сөзіне эпитет таңда. Эпитеттерді таңдауға үйрену, балалар сөздігін байыту. Өздігінен қызмет. Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын жетілдіру және байыту; өз пікірін айтуын жетілдіру, өз құрбылары пікірлерімен келіспеу, олардың рөлдер,		Қыс ызғары келеді Жұмбақтар Жаңа жыл күні Ағаштардың көркемі, Төріңде тұрар. Мәңгі жасыл бұтағы. Басқа күні Мекен ғып тау -өлкені , Өскен жерінде тұрар. (шырша) Кәусар ауа жұтады. (шырша) Еңбекке баулу: Ағаштың қасына түскен бұталарды жинау Мақсаты: -Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинап отыру(ағаш жанындағы бұталар), - содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету. -Өз ойларын жолдастарының ойларымен келісе білуге үйрету. Қозғалыс ойындары: «Ловишки-елочки» Мақсаты: - Алаңда қозғалып жүру, «Бір, екі, үш-ұста» дегенде- бәрі алаңға жүгіреді, қағып алуға тырысады. - Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу(шыршаны елестете отырып бәрі бір-біріне қарап тұрады). Қажетті материалдар: қалақшалар, балаларға арналған күректер, пішіндер, шана**. (дене тәрбиесі)**	Ұлпа боп жерде жатады. Еңбекке баулу: Ауланы тазарту. Мақсаты: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. Қимылды ойын: «Суыққойлар» Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Қажетті материалдар: сыпырғыш. Қалақша, ойыншықтар

		ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру.			
Серуеннен оралу	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Түскі ас	Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.				
Күндізгі ұйқы	Ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну жетілдіру. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру.				
Бесін ас	Тамақтану тәртібін сақтаудың туралы түсінік беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақырыбы:«Қалсын апам қуанып»С.Әлімқұлов Мақсаты:Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, кітапқа қызығушылыққа баулу. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Мен қандаймын **Сурет салу** Мақсаты:Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу **Мүсіндеу** Мақсаты:жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу **Жапсыру** Мақсаты:Шығармашылық қиялды дамыту. **Құрастыру**	Тақырыбы: МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР, ЖАҢЫЛТПАШТАР Мақсаты:Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Отбасымдағы дәстүр **Сурет салу** Мақсаты:Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар бір бағытта солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мақсаты:Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. **Жапсыру** Мақсаты:Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету **Құрастыру** Мақсаты:Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар		**«Мен тәртіпті баламын» (өлең)** Мақсаты: Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. **(көркем әдебиет**) **Тақырыбы: Бауырсақ** Мақсаты: Дөңгелек пішінді (шарлар,) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. (**сурет салу**) Мақсаты: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу (**мүсіндеу**) Мақсаты: Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін	**«Тазалықтың досы» А.Меңжанова** Мақсаты: Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. **(көркем әдебиет**) **Тақырыбы: Шарлар** Мақсаты: Дөңгелек пішінді (шарлар) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. (**сурет салу**) Мақсаты: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар). Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу (**мүсіндеу**) Мақсаты: Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды

	Мақсаты:, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Д/О:** Құстарға жем шашу. **Мақсаты:**Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға баулу. **(Экологиялық тәрбие)**	арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау **Д/О:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)**		сақтауға, ұқыпты болуға баулу **(жапсыру)** Мақсаты: Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, ірі құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баул. (**құрастыр**у) **Д/О: «**Қардан түрлі бейнелер жасау». **Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру. **(Экологиялық тәрбие)** «Абайла, балақай!» балаларға көшедегі қауіпсіздік туралы мультфильм. Интерактивті тақтадан «Жол қауіпсіздігі» толық мағлұмат беру. **(Қауіпсіздік дағды)**	түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға (**жапсыру**) Мақсаты: Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, ірі құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. (**құрастыр**у) **Д/О: «**Торғайлар». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О: "Көктайғақ"** **Тапсырмалар**: ¯ қыс мезгілінде - көктайғақта қауіпсіздік ережелерін бекіту; ¯ суреттерден қауіпті жағдайды анықтауға, оны сипаттауға және ережелерді білуге үйрету, жарақат алмау және өліп қалмау үшін оны сақтау керек. **(Қауіпсіздік дағды)**
Балалармен жеке жұмыс	***Серік Алихан*** **Жыл мезгілі туралы әңгіме.** Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, тіл дамыту)**	***Дүйсенбай Раяна*** **"Сәйкесін тап"ойыны.** Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту.		***Дүйсенбай Алихан*** **"Ненің құйрығы?"** Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің	***Мұратбек Бағым*** **Шешуін тап та, ата!** Көрнекі құралдар. Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шана, фланелеграф. Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетіп, онда бейнеленген

		(танымдық дағдылар)		құйрықтары ауысып қалғанын көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұңайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын және т.б..) **(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)**	заттар мен жануарларды атауды сұрайды. Содан соң осы суреттерді кез келген реттілікпен фланелеграфқа бекітеді де, балаларға сұрақтар қоя бастайды. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, фланелеграфтан қажетті суретті табуы және онда бейнеленген заттарды атауы тиіс. **(тіл дамыту, қазақ тілі)**
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	Тайғанақты бақылау. Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Тез жылынғанда аяз соғады, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында құрылатын. Тайғанақпен қалай күресуді айту. Тайғанақ кезінде өзін дұрыс ұстай білуді үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылауда ынтасын дамыту. Қозғалыстағы ойын «Ұзын жол бойынша» Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауды үйрету. Жарыстарға қатысуға тәрбиелеу.	Ағаштардағы қырауларды бақылау. Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Қар еріген кезде, күрт суық түскен және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқаны туралы балалардың назарын аудару, ағаштарға, орындықтарға және басқа заттарға. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауасы салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатады және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көру, қысқы қардың сұлулығына тануға балаларды үйрету. Ырымдар.		Шыршаны бақылау. Мақсаты: Қылқанжапырақты ағаштарды еске түсіру. -Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу. Бақылау барысы: Шырша ағаштарының бұтағы бүкіл бойға , жоғарыдан төменге салпылдап өседі; түбірі – қара; қылқан – бір – бірден өседі; жаңғақ-көп өмірсүргіш, дөңгелекше тәрізді. Жаңғақтың тұқымы бар. Білімдерін анықтау, қарағай мен шырша – үнемі жасыл түсті, қыста да сол түсін сақтайды. Шырша мен қарағай- қылқанжапырақты ағаш. Ағаштардың ерекшелігі мен белгілерін және ұқсастықтарын айыра білу,салыстырған сөздерін нақты жеткізу. Көркем сөз Күн мұңайып тұр бүгін,	Мезгілдік ауысымды – қырауларды бақылау. Мақсаты: -балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. -Қырау түскен ағаштарды бақылау. Бақылау барысы: Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Жұмбақ: Қанат сияқты ақ,

	Еңбек қызметі Жолға құмды төгу Жолға құмды төгуде еңбектің мәнділігін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесінен қанағаттанушылық сезімін қалыптастыру. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер «Өлі табиғаттың қысқы құбылыстарын ата» Табиғаттың қысқы құбылыстары туралы балалар білімдерін анықтау. Тапсырма. Түрлі-түсті мұздықшаларды қарау. Мұз сипаты туралы балалардың түсініктерін бекіту (аязда су мұзға айналады, мұз қатты, тайғақ,мөлдір, нәзік). Өздігінен қызмет. Ойын кезінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын жетілдіру, құрбыларының қылықтарына өз көзқарастарын білдіру, өз іс-қимылдарымен амалдарын негіздеу.	Желтоқсанда қырау мол болады, қар көп түседі, суықтар күшейеді - мол егін орылады. Ағаштарға қырау тұрса аспан көк болады.Түнде қырау болса- күндіз қар жаумайды. Қозғалыс ойындары. «Бірінші бол» Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. Еңбек қызметі Жолға су төгу үшін қарды нығыздату. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбылар әрекеттерімен келістіруге үйрету. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер Тапсырма. Күн шыққан кезде ағаштардың қырау жамылғанын көру. Күннің көзінде қырау жылтырайды. «Қырау» сөзіне эпитет таңда. Эпитеттерді таңдауға үйрену, балалар сөздігін байыту. Өздігінен қызмет. Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын жетілдіру және байыту; өз пікірін айтуын жетілдіру, өз құрбылары пікірлерімен		Қыс ызғары келеді Жұмбақтар Жаңа жыл күні Ағаштардың көркемі, Төріңде тұрар. Мәңгі жасыл бұтағы. Басқа күні Мекен ғып тау -өлкені , Өскен жерінде тұрар. (шырша) Кәусар ауа жұтады. (шырша) Еңбекке баулу: Ағаштың қасына түскен бұталарды жинау Мақсаты: -Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинап отыру(ағаш жанындағы бұталар), - содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету. -Өз ойларын жолдастарының ойларымен келісе білуге үйрету. Қозғалыс ойындары: «Ловишки-елочки» Мақсаты: - Алаңда қозғалып жүру, «Бір, екі, үш-ұста» дегенде- бәрі алаңға жүгіреді, қағып алуға тырысады. - Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу(шыршаны елестете отырып бәрі бір-біріне қарап тұрады). Қажетті материалдар: қалақшалар, балаларға арналған күректер, пішіндер, шана.	Ұлпа боп жерде жатады. Еңбекке баулу: Ауланы тазарту. Мақсаты: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. Қимылды ойын: «Суыққойлар» Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Қажетті материалдар: сыпырғыш. Қалақша, ойыншықтар

		келіспеу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру.			
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке)	Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз.		Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.	. Ата-аналармен балалардың әл-ауқаты, демалыс күндері туралы әңгімелер.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:**ЖШС «Ғасыр-МБК» «Өркен» бөбекжай-балабақшасы**

Топ:**« Ақбұлақ» ересек тобы**

Балалардың жасы- **4 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: 12.01-16.01.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма

Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **(Адал азамат)** Д/О «Көмекші сөздер» Мақсаты:Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету **(Тіл дамыту)** Д/О «Көңілді әуен» Мақсаты:билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. **(музыка)** Ою өрнек трафаретімен ойын,ұлттық құндылық, **(Адал азамат)**	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. **(Адал азамат)** Д/О «Жекеше және көпше түрде ата» Мақсаты:зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде айтуға үйрету **(Тіл дамыту)** Д/О «Қызықты әуен» Мақсаты:Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынта-ландыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. (**музыка**) Қайсысы дұрыс? Неліктен? ойыны Суретті тапсырмалармен дидактикалық ойын. Суреттегі балалардың жол қауіпсіздігін дұрыс-бқрыс орындауын анық тайды. Өз ойларымен бөліседі. **Адал азамат)**	Үш түрлі смайликпен қарсы алу. **(Адал азамат)** Д/О «Бұйрық райымен қолдану» Мақсаты:зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға **(Тіл дамыту)** Д/О «Шеңбер бойымен» Мақсаты:Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру. (**музыка**) «Есті балаға-ескі сөз» Тыйымдар мен ырымдар. **(Адал азамат)**	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу. **(Адал азамат)** Д/О «Бейтаныс заттар» Мақсаты:шығармалардың қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. **(Тіл дамыту)** Д/О «Қызықты әуен» Мақсаты:Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңда-май соңына дейін тыңдау). (**музыка**) «Шаш өру" ойыны Балалардың қол моторикасын және зейінін дамыту, ұлттық дәстүрлерді үйрену. **(Адал азамат)**	Достар әнімен қарсы алу. **(Адал азамат)** Д/О «Қызықты оқиға» Мақсаты:ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (**Тіл дамыту**) Д/О «Қызықты әуен» Мақсаты:Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде) (**музыка**) Балаларға қазақ халқының киіз басу дәстүрін таныстыру.- Ұсақ мотрикаңы, шыдамдылықты және ұжымдық жұмысты дамыту.- Шығармашылық және эстетикалық қабілеттерін арттыру. **Адал азамат)**
	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	Д/О: **"Аязды қыс". Тапсырмалар**: аязды ауа райында өзін дұрыс ұстауға үйрету. **Барысы:** 1. Дидактикалық	**Д/О: "Қысқы жолдар" Тапсырмалар:** - балалардың көшеде, қыста жолда жүру ережелері туралы білімдерін кеңейту. - балаларға қыста жолдар тайғақ, жүргізушілер жылдам	**Д/О: "Көктайғақ" Тапсырмалар**: ⁻ қыс мезгілінде - көктайғақта қауіпсіздік ережелерін бекіту; ⁻ суреттерден қауіпті жағдайды анықтауға, оны	**Д/О: "Мұздан сақ болыңыз /шатырдан қар /" Тапсырмалар:** мұздақтардың адамдар үшін қауіпті болуы мүмкін екендігі туралы білім беру (егер шатырдан құлау - жарақат, егер сіз жаласаңыз	**Д/О: *"Мұздақ" ойыны*** Мұздай төңкеріліп ілулі, Қолдар төмен, саусақтар үйме жабылған. Күннен оның мұрны ағып кетеді. *(Мұрындарын өздеріне тигізеді)*

және тағы басқа әрекеттер)	жаттығу (ауызша) "Қандай қыс" 2. Қысқы киімдерді қарау әңгімелесу. **(Қауіпсіздік дағды)** Д/О «Теңдік және теңсіздік» Мақсаты:теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. 4 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. (**Математика негіздері**) Д/О «Көлік түрлері» Мақсаты:Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. (**қоршаған әлеммен таныстыру**)	жүре алмайтындығы туралы білім беру. көлік құралын тоқтатыңыз. - өзін-өзі ұстай білуге, зейінді болуға, жолда ойнамауға тәрбиелеу. **(Қауіпсіздік дағды)** Д/О «Заттар шамасы» Мақсаты:Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін биік-аласа сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. (**Математика негіздері**) Д/О «Мамандықтар иелері» Мақсаты:Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар– адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. (**қоршаған әлеммен таныстыру**) Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және	сипаттауға және ережелерді білуге үйрету, жарақат алмау және өліп қалмау үшін оны сақтау керек. **(Қауіпсіздік дағды)** Д/О «Салыстыр» Мақсаты:Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. (**Математика негіздері**) Д/О «Құрдастарыммен ойын» Мақсаты:бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу (**қоршаған әлеммен таныстыру**)	немесе тамақтансаңыз - тамақ ауруы); өзіңізді қорғауға үйрету қыстың аяғында - көктемнің басында мұздақтар, қауіпсіздік ережелерін сақтай білу, істей білу қауіпті болжау. **(Қауіпсіздік дағды)** Д/О «Геометриялық фигуралар» Мақсаты:Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу (**Математика негіздері**) Д/О «Отанымыз – Қазақстан Республикасы» Мақсаты:Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу. (**қоршаған әлеммен таныстыру**) «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.	Онда ол ыстықтан жылайды, *(Алақанға "көз жасын" жинаңыз)* Онда көйлек өздігінен тігіледі. Аяз келеді - мұз қатады, Түнде аздап өседі, Денесі күшейіп, семіреді, **(Қауіпсіздік дағды)** Д/О «Кеңістік бағыты» Мақсаты:Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (**Математика негіздері**) Д/О «Жол қозғалысы ережелері» Мақсаты:Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. (**қоршаған әлеммен таныстыру**) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық

	Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.	жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.	Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.		болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.
Таңертенгі жаттығу	**Таңертенгі жаттығу затсыз** 1. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. 2. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). 3. Оңға, солға еңкею, шалқаю. 4. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. 5. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. **6.** Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. **7.** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. 8. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.				
Таңғы ас	Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	Д/О«Көлік түрлері» Мақсаты:Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. (**қазақ тілі**)	Д/О«Мамандықтар иелері» «Мамандық» Н.Әлімқұлов Мақсаты:Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға баулу. (**қазақ тілі**)	Д/О «Құрдастарыммен ойын» Мақсаты: Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. (**қазақ тілі**)	Д/О «Отанымыз – Қазақстан Республикасы» «Қайсар рухты баламын» Д.Сүлейменов Мақсаты:Бұрыннан таныс шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға баулу. (**қазақ тілі**)	Д/О «Жол қозғалысы ережелері» Мақсаты:Қазақ тіліне тән үдыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. (**қазақ тілі**)

ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Музыка** "Құстар әні". Мақсат-міндеттер: балаларды құстар туралы әндерді тыңдап және айтуда әндердің сипатын ажырата білуге үйрету; құстар туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру.	**Дене тәрбиесі** "Құстардай қайраттымыз". Мақсат-міндеттер: ұйымдастырылған іс-әрекетінде бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, құстардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету. **Қазақ тілі** "Қыстайтын құстар. Көп, аз, тең." Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту, адам құстарға қалай қамқорлық жасай алатынын түсіндіру, құстардың дыбыстарын білдіретін сөздердің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түбірлес сөздер туралы білімдерін мысал келтіру арқылы қалыптастыру (қыс - қыстау - қыстайтын); заттардың санын анықтайтын «артық» ,«кем», «тең» түсініктерін бекіту. Балаларға қыстайтын құстарды ажыратып, дұрыс атауға үйрету, құстардың дыбыстауын айқындайтын (шіп-шіп, шыр-шыр, шырылдайды) сөздері арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту; заттар тобының санын анықтау ұғымдарын білдіретін «артық» ,«кем», «тең» сөздерін дыбыстауға жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қатынастық дағдыларын дамыту.	**Дене тәрбиесі** "Жылдам және епті құстар". Мақсат-міндеттер: балаларды алға ұмтыла секіруге; сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету.	**Музыка** "Тауықтар" биі Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.	**Дене тәрбиесі** "Қамқоршылар тобы". Мақсат-міндеттер: балаларды допты еденге ұруға; допты жоғары лақтыруға үйрету.

2- таңғы ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.				
